

Еңбекті қорғау саласындағы мамандарды қайта даярлаудың және олардың біліктілігін көтерудің тәртібі туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және Халықты әлеуметтік Қорғау Министрінің 1998 жылғы 18 ақпандағы N 24п бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 24 наурызда N 492 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2005 жылғы 27 қаңтардағы N 23-ө бұйрығымен.

-----бұйрықтан үзінді-----

Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңнамасын жетілдіру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. "Еңбекті қорғау саласындағы мамандарды қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 1998 жылғы 18 ақпандағы N 24-ө бұйрығының (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 492 тіркелген) күші жойылды деп танылсын...

Министр

"Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Занының 13-бабына сәйкес және еңбекті қорғау саласындағы мамандардың біліктілігін одан әрі арттыру мақсатында бұйырамын :

1. Еңбекті қорғау саласындағы мамандарды қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың тәртібі туралы Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Білім комитетімен келісілген Ереже бекітілсін .

2. Облыстардың, Ақмола және Алматы қалаларының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармаларының бастықтары:

осы Ереженің меншік және шаруашылықты жүргізу нысандарына қарамастан ұйымдарға жеткізілуін қамтамасыз етсін; ұйымдардың осы Ережені сақтауына бақылау орнатсын.

Министр

КЕЛІСІЛГЕН

Қазақстан Республикасының
Білім, мәдениет және денсаулық
сақтау министрлігінің

БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігінің

Білім комитеті

бұйрығымен

1998 ж. 2 ақпан N

1998 ж. 18 ақпан N 24п

Еңбекті

қорғау

саласындағы

мамандарды

қайта

даярлаудың

және

олардың

біліктілігін

көтерудің

тәртібі

туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже "Еңбекті қорғау саласындағы мамандарды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін көтеру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 10 мамырдағы N 493 Р940493_ қаулысын орындау үшін және Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, Білім, мәдениет және деңсаулық сақтау министрлігінің еңбекті қорғау саласындағы мамандарды қайта даярлау және олардың біліктілігін көтеру мәселелеріндегі жұмысын үйлестіру мақсатында әзірленді.

1.2. Осы Ереженің күші министрліктерде: комитеттерде, өзге де орталық және жергілікті атқару комитеттерінде, ұйымдарда, меншік және шаруашылықты жүргізу нысандарына қарамастан заңды және жеке тұлғаларда еңбекті қорғау саласындағы мамандарды қайта даярлау және олардың біліктілігін көтеру жүйесін ұйымдастырған кезде қолданылады.

2. Басты міндеттері

Еңбекті қорғау саласындағы мамандарды оқыту жүйесінің басты міндеттері:

2.1. "Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес қызметі лауазымы жағынан ұйымдардың қызметкерлерінің еңбегін қорғаумен байланысты еңбекті қорғау саласындағы қызметкерлерді қайта даярлау және олардың біліктілігін көтеру;

2.2. Қызметкерлердің еңбекті қорғау және еңбек жағдайлары жөніндегі заңдық, нормативтік, құқылық актілерді, ережелерді, стандарттарды және басқа да құжаттарды, еңбекті қорғау саласындағы отандық және шетелдік тәжірибелерді, өндірістегі жазатайым жағдайлар мен кәсіптік аурудың алдын алудың тиімді әдістерін оқып үйренуін ұйымдастыру болып табылады.

3. Еңбекті қорғау саласындағы кадрларды қайта даярлау мен олардың біліктілігін көтеру жүйесін басқару

3.1. Еңбекті қорғау саласындағы кадрларды қайта даярлаудың және олардың біліктілігін көтерудің жүйесіне ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылықты Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және деңсаулық сақтау министрлігінің Білім комитетімен келісе отырып Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, сондай-ақ олардың жер-жерлердегі құрылымдық бөлімшелері жүзеге асырады.

3.2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау

м и н и с т р л і г і :

еңбекті қорғау саласындағы мамандарды оқыту үшін қажетті құқылышқа және нормативтік базаларды құрады;

еңбекті қорғау саласындағы салааралық және салық оқу бағдарламаларын бекітеді;

еңбекті қорғау саласындағы мамандарды оқыту жөніндегі бүкіл аймақтық мекемелердің жұмысын үйлестіреді;

оқытуудың сапасына бақылау жасайды.

4. Еңбекті қорғау саласындағы мамандарды қайта даярлаудың және олардың біліктілігін көтерудің жүйесі

4.1. Еңбекті қорғау саласындағы мамандарды қайта даярлау жоғары оқу орындарында арнайы факультеттерде олардың бұрынғы жоғары білімі бойынша жүзеге асырылып, оларға "еңбекті қорғау инженері" немесе "еңбекті қорғау менеджері" атағы беріледі.

Тындаушылардың біліктілігін көтеру республикалық, салалық, салааралық және аймақтық біліктілігін көтеру орталықтарында жүзеге асырылады.

4.2. Еңбекті қорғау саласындағы мамандарды оқытуға тиісті мекеме қызметтің осы түріне ұйымдардың басшылары мен мамандарын еңбекті қорғау жөнінде оқытуға және олардың білімін тексеруге рұқсат берудің тәртібіне сәйкес лицензия алғанда рұқсат етіледі.

4.3. Еңбекті қорғау саласындағы мамандарды оқытуудың нысаны мен оның ұзақтығы тапсырыс жасаушының келісімі негізінде, оқытуудың мақсаты мен міндетіне, оқытылатындардың санатына, олардың кәсіптік деңгейіне және басқа да факторларға сүйене отырып белгіленеді.

4.4. Білім беру мекемесінің оқу-өндірістік базасы еңбекті қорғау саласындағы тындаушыларды даярлауға және олардың білімін бағалауға қажетті кешенді техникалық және бағдарламалық құралдармен жарақтандырылуға тиіс.

4.5. Оқыту жүйесінде сабактардың мынадай басты түрлері: лекциялар, лабораториялық және практикалық сабактар, семинарлар, іскер ойындар, консультациялар, тындаушылардың дербес сабактары, түрлі меншік және шаруашылық нысандарындағы ұйымдарға бару көзделеді.

5. Білім беру мекемелерінің құқылары мен міндеттері

5.1. Қайта даярлау және біліктілігін көтеру жүйесінің мекемелері:

бүкіл министрліктердің, ведомстволардың және басқа да шаруашылық жүргізу什і субъектілердің еңбекті қорғау саласындағы мамандарды даярлауға мүқтаждығын қанағаттандыруға;

тындаушыларға еңбекті қорғау саласындағы отандық және шетелдік жетістіктерді үретуді ұйымдастыруға;

оқытуудың нысандары мен түрлерін жетілдіріп, дамытуға;

оқытушылар құрамының кәсіптік деңгейін арттыруға міндettі.

5.2. Қайта даярлау және біліктілігін көтеру жүйесінің мекемелері:

тындаушыларды оқытуудың қорытындысы бойынша аттестаттауга және ол бойынша оларға тиісті біліктілік құжатын: оқытуудың бағдарламасы мен ұзақтығына қарай куәлік (сертификат) немесе куәлік беруге;

еңбекті қорғауға мемлекеттік бақылау және қадағалау жасайтын мамандарды оқыту және аттестация жүргізуге тартуға;

ұйымдарға және басқа да шаруашылық субъектілеріне, сондай-ақ жеке адамдарға еңбекті қорғау саласындағы қызметкерлерді оқыту және олардың біліктілігін көтеру мәселелері бойынша ақылы консультациялық және өзге де көмек көрсетуге құқылы.

6. Біліктілігін көтеру және қайта даярлау мекемелерінің тындаушылары

6.1. Қайта даярлау және біліктілігін көтеру мекемелеріне ұйымдардың басшылары мен мамандары қатарынан жоғары, орта арнаулы және жалпы орта білімі бар мамандар жіберіледі.

6.2. Оқытуудың бағасын білім беру мекемесі тапсырыс жасаушының келісімімен белгілейді.

6.3. Оқыту орталықтарының тындаушылары:
өндірісте жаракат алудың, кәсіптік ауруға шалдығудың алдын алу және өндірістіктің нақты жағдайларында еңбекті қорғауды ұйымдастыру саласындағы өздерінің кәсіби білімдерін, дағдылары мен іскерліктерін жетілдіруге;
оку бағдарламасында көзделген жұмыстарды уақытында және толық көлемінде орындауға;

мекеменің оку процесінің және ішкі тәртібинің талаптарын қатаң орындауға міндettі. Оку жоспарын орындамаған, сондай-ақ ішкі тәртіп ережелерін өрескел бұзған жағдайда тындаушы мекеме басшысының бүйріғымен окудан шығарылып, оған тиісінше окудан шығарудың себептері көрсетілген анықтама қағазы беріледі.

6.4. Институттардың, факультеттер мен курсардың тындаушылары:

оку процесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар жасауға;
оку орнының барлық оку және қосалқы-оку бөлмелерін, оларда бар нормативтік, нұсқамалық, оку және оку-әдістемелік құжаттамаларын, сондай-ақ келісімнің шарты белгіленген тәртіpte басқа да қызметтерді пайдалануға құқылы